

МАРАТ ОСПАНОВ АТЫНДАҒЫ БАТЫС ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІК МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ

СТУДЕНТТІҢ ӨЗІНДІК ЖҰМЫСЫ

ТАҚЫРЫБЫ: ПАТОЛОГИЯЛЫҚ АНАТОМИЯНЫҢ
ЗАМАНАУИ ЗЕРТТЕУ ӘДІСТЕРІ. ҚР ПАТОЛОГИЯЛЫҚ
АНАТОМИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ

ОРЫНДАҒАН: МҰРАТ ЕРҰЛАН

ТОБЫ: 307 Б

ТЕКСЕРГЕН: ОНГАРОВА М.Э



ЖОСПАРЫ

- **I.Кіріспе.**
- **II.Негізгі бөлім**
 - Бюро қызметі, мақсаты
 - Қазіргі заманауи зерттеу әдістері
 - Зерттеу әдістерінің ерекшеліктері, маңызы
- **III. Қорытынды**

-
- Патологиялық анатомияның қазіргі кезеңінде ауру морфологиясы тек организмдік, ағзалық, тіндік , жасушалық деңгейге ғана емес, жасушаішілік және молекулалық деңгейде зерттеледі. Қалалық және аудандық ірі ауруханаларда орталық паталоганатомиялық зертханалар ашылған, қазіргі уақытта қалалық және аудандық паталогиялық анатомия бөлімдері біріктіріліп паталогиялық анатомия бюролары құрылды.

-
- Бұл паталоганатомдардың аурухана Әкімшіліктеріне тәуелділігін бір жола жойып, емдеу диагноз қою үрдісін дербес бақылауға, олардың сапасын арттыруға, осымен қатар ғылыми жұмыстарды жүргізуге мүмкіндік береді

БЮРОНЫҢ ҚЫЗМЕТІ:

тірі кезіндегі гистологиялық,
гистохимиялық диагностика;

қайтыс болғандардың өлім себебін
анықтау, емдеу-диагностикалық
шаралардың сапасына баға беру;

мемлекеттік статистика мен денсаулық
сақтау басқармасы ұйымдарына дәйекті
ақпарат беру

БЮРОНЫҢ МАҚСАТТАРЫ

Макро-микроскопиялық қажет болса бактериологиялық, вирусологиялық, биохимиялық зерттеулерді жүргізіп, секциялық, операциялық материалдардан сырқат сырын дәлелдеп ашу.


Сырқаттың негізгі, тікелей өлім себебін, оның механизмін анықтау

Клиникалық патанатомиялық диагноздарды емші-дәоігермен біріге отырып диагностикалық және ем қызметін талдау, оның нәтижесін міндетті түрде аурухана ұжымымен, сонымен қатар, денсаулық сақтау ұйымымен бірге талдау.

Клиника-анатомиялық конференцияны дайындау және өткізу.

Патанатом-интеріндерін дайындау.

ПАТОЛОГИЯЛЫҚ АНАТОМИЯНЫҢ ЗЕРТТЕУ ӘДІСТЕРІНЕ:



- **Аутопсия (грекше: autopsia - өз көзімен көру)** деп өлу себептерін анықтау үшін мәйітті ашып көру әдісі, сонымен бірге клиникалық диагноздың дұрыстығы немесе диагностикалық қателік анықтау, Өлімнің себебі, аурудың ағымының ерекшелігі, емдегенде қолданылған препараттардың, құрал-саймандардың тиімділігі айқындалып, Өлім-жітім (смертность) мен өлім-жітімділіктің (летальность) статистикасы жетілдіріліп, т.б. мәселелер шешімін табады.



- Аутопсия кезінде алынған органдар мен тіндерді зерттеу үшін макроскопиялық тәсілдер де қолданылады. Бірақ өлікте дамитын өзгерістер (аутолиз) терең деңгейде зерттейтін морфологиялық тәсілдерді қолдануға шек қояды, сондықтан олар көбінесе жарық оптикасының көмегімен ғана талданылады.

Патологанатом операция кезінде алынған материалды зерттегенде алуан түрлі морфологиялық тәсілдерді қолданып, аурудың түрлі сатыларының морфологиясын анықтай алады.

ЕРЕСЕК АДАМ МҮРДЕСІН АШЫП КӨРУДІҢ НЕГІЗГІ ЕКІ ТӘСӘЛІ БАР:



Абрикосов



Шор

Абрикосов -

тәсілінде ағзалар жүйелі алынады, ауыз қуысы, мойын, тыныс, қан айналу ағзалары қоса алынады. Бұл кезде қолқа өңеш, көкет тұсынан бөлігеді. Қарын бөлінеген өңешпен, ішекпен, бауырмен, талақпен, ұйқыбезімен, содан кейін зәр және жыныс ағзалары алынады. Көбіне инфекциялық аурулармен өлгендерді ашады



Шор тәсілінде ағзалар байланысы үзілмейді, ағзалар тұтас алынады. Бұл тәсіл көбіне операциядан кейін қайтыс болғандарға немесе қарын бас, өңеш ісігімен өлгендерді ашып қарағанда өте ыңғайлы, өзгерістердің орналасуын сипатының тереңдігін дұрыс анықтауға болады.



Биопсия (грекше: bios - өмір және opsis - көру) – тіндерді тірі организмнен алып, микроскопиялық тәсілдерен зерттеу. Биопсия аурудың алғашқы морфологиялық белгілерін көруге, оның кейінгі даму үрдісін зерттеуге, қолданылған емнің қаншалықты пайдалылығын анықтауға мүмкіншілік тудырады. Клиника жағдайында науқастан операция жолымен не әдейі диагнозды анықтау үшін алынған барлық тіндер, қырындылар толық тексеріледі.

-
- **Патанатомия** бөліміндегі жұмыстың жауапты бір бөлігі, биопсиялық және цитологиялық зерттеулер. Тірі жандардың аурухана, емхана бөлімшелерінде алынған ағзалар мен тіндердің кесінділерін зерттеу. Биопсия-грек сөзінен bio -өмір ,opsis-көру-морфологиялық әдіс. Ауруханада, емханада тірі адамдардан алынған ағзалардың, тіндердің үзінділерден микроскопиялық тәсілдерді пайдаланып сырқатты анықтайтын әдіс. Бұл әдісті тұрақты түрде 1879ж Э.Бенье ендірген.

-
- Бір жағдайда кесінділер диагнозды анықтау, толықтыру үшін алынатын болса, операциядан кейінгі органдар, тіндер, диагнозды пысықтау, бақылау үшін алынады. операциядан кейінгі 3-5 күн шамасында тексеруден өту қажет. Алынған операциялық ағза, тіндер кеспесі паталогиялық бөлімге тез жеткізідуі керек, қайтайтылмаған түрде, ал жөнелтуге біраз уақыт керек, болса мұздатқышқа +4 градус температурада сақтауға болады, болмаса 7-10 % нейтральды формалинге салып тығыздау қажет

БИОПТАТТАРДЫ АЛУДЫҢ ТӘСІЛІНЕ ҚАРАЙ ОЛАРДЫ ЕКІ ТОПҚА БӨЛЕМІЗ.

ашық (инцизиялық-тілу,
кесу)



жабық (аспирациялық-
сору) эндоскопиялық
нысаналы



эксцизионды хирургиялық
жолмен алынған материал
немесе мүшені зерттеу

-
- Ашық әдіс дегеніміз-материал алу үшін жамылғы тіндерді (тері,сірі) қабықтарды қажеттіліктен туындаған тесу немесе кесу, жабық тіндер зақымданбайды.Тілу жолдарымен лимфатүйіндері, сүйек, бауыр, бүйрек, тері т.б материалдар алынады, Әр түрлі қуыстардан алу (құрсақ, көкірек,жұлын).

-
- **Эксцизионды биопсия** -хирургиялық араласудың нәтижесінде зерттелетін ағзаның толығымен (тотальный) алып зерттеу. Мысалы: таңдайды, өт қабын терідегі түзілістерді, лимфа түйіндерді.
 - **Жабық немесе пункциялық** - зерттелетін ағзаны інемен тесу арқылы тін фрагменттерін жинап зерттеу. Зерттеуге қажетті ағзаға немесе патологиялық ошаққа қуысты инемен тесіп кіру арқылы жасалады.

ПУНКЦИЯЛЫҚ БИОПСИЯ



ПУНКЦИЈАЛЫҚ БИОПСИЯНЫҢ 2 ТҮРІ БАР:

- Жіңішке инелік
- Жуан инелік(шамамен 1-1,5 см ұзын және 0,3 см диаметрі).



- **Эндоскопиялық**- сору қуысты органдары зерттеу үшін қолайлы зерттеу тәсілі (тыныс жолдарынан, қарын, ішектен) болып саналады.





Трепанобиопсия- арнайы инемен мықын сүйектің қырынан сүйектің кішкене бір бөлігін сүйек миымен бірге алып зерттеуге мүмкіндік береді. Ол жергілікті немесе жалпы анестезиямен жасалады. Трепанобиопсия қан және лимфа жүйесінің жүйелі ауруларында диагностикалық мақсатта қолданылады.

Биопсия жүргізу уақытына байланысты

- Жоспарлы (4-5 тәулікте) жауапты шығырады.
- Лездік (cito) (20-25 мин)

-
- Әрбір жеке ткань анық нөмірімен жеке ыдысқа салынады және ол дәрігердің жолдамасында көрсетіледі.
 - Операциялық материалды патологоанатомиялық зерттеуге жолдама (ф О14/Е) жіберіледі.

-
- **Гистологиялық зерттеу**- микроскоппен тін кесіндісін көру. Арнайы кескіш инструмент тканьді 3 мкм ге дейін кесе алады, кесінділер арнайы бояумен боялып, фиксацияланып микроскоппен көруге дейін болады. Гистологиялық әдістердің техникалық мүмкіншілігі өте кең. Морфологиялық жолмен тіндердегі көптеген микроэлементтерді, ДНК,РНК, амилоид, липид, белок, жыныс хроматиндерін табуға болады.



- **Бактериологиялық** -қан, жағындылар мен ағзалар бөлшектерін қарапайым қоректік орталарға егу: сорпа, әлсіз сілтілі агарға пробиркаларға егу, Петри табақшасында агарға шпательмен егу арқылы қоздырғыштың түрін анықтау үшін қолданылады.
- **Серологиялық**- қан сарысуындағы антиденелер мен антигендерді зерттейді.
- **Вирусологиялық**- вирустың құрылымын анықтау үшін жасалынады

Арудың этиологиясын, патогенезін, клиникасы мен морфологиясын (морфогенезін) зерттеу, емдеу мен профилактикалық (алдын алу) шараларды ғылыми тұрғыдан жетілдіруге мүмкіндік береді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. **Жауғашты Ахметов.**
Патологиялық анатомия. Алматы
2009ж
2. **А.И. Струков, В.В. Серов.**
Патологиялық анатомия. Ақтөбе
2010ж
3. **Интернет материалдары**



Назарларыңызға рахмет!!!

